

**Қарасай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы "Қарасай ауданының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 38-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 наурыздағы № 40-3 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 29 наурызда № 5081 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 104-бабының 4-тармағының 5) тармақшасына және 106-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарасай аудандық мәслихатының "Қарасай ауданының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 38-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5008 тіркелген, 2019 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 24157986 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер 13150670 мың теңге;

салықтық емес түсімдер 119701 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 133856 мың теңге;

трансферттер түсімдері 10753759 мың теңге, оның ішінде:

төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер 1689499 мың теңге;

ағымдағы нысаналы трансферттер 5195079 мың теңге; а

нысаналы даму трансферттер 3869181 мың теңге;

2) шығындар 25345184 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 150057 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 189375 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 39318 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 1337255 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 1337255 мың теңге

".

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарасай аудандық мәслихатының " Экономика, бюджет, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік пен әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарасай аудандық мәслихатының сессия төрағасы

А. Марат

Қарасай аудандық мәслихатының хатшысы

А. Көшкімбаев

Қарасай аудандық мәслихатының 2019 жылғы "19" наурыздағы Қарасай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы "Қарасай ауданының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 38-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 40-3 шешіміне қосымша

Қарасай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы "Қарасай ауданының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 38-3 шешіміне 1-қосымша

## 2019 жылға арналған аудандық бюджеті

| Санаты | Атауы       |                                                                   | Сомасы      |
|--------|-------------|-------------------------------------------------------------------|-------------|
|        | Сыныбы      |                                                                   | (мың теңге) |
|        | Ішкі сыныбы |                                                                   |             |
|        | I. Кірістер |                                                                   | 24 157 986  |
| 1      |             | Салықтық түсімдер                                                 | 13 150 670  |
|        | 03          | Әлеуметтік салық                                                  | 2 480 821   |
|        | 1           | Әлеуметтік салық                                                  | 2 480 821   |
|        | 04          | Меншікке салынатын салықтар                                       | 1 659 929   |
|        | 1           | Мүлікке салынатын салықтар                                        | 1 586 872   |
|        | 3           | Жер салығы                                                        | 65 029      |
|        | 5           | Бірыңғай жер салығы                                               | 8 028       |
|        | 05          | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар   | 8 859 551   |
|        | 2           | Акциздер                                                          | 8 416 578   |
|        | 3           | Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер  | 5 871       |
|        | 4           | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 413 366     |
|        | 5           | Ойын бизнесіне салық                                              | 23 736      |
|        |             |                                                                   |             |

|   |    |                                                                                                                                                                          |            |
|---|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
|   | 07 | Басқа да салықтар                                                                                                                                                        | 14 308     |
|   | 1  | Басқа да салықтар                                                                                                                                                        | 14 308     |
|   | 08 | Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 136 061    |
|   | 1  | Мемлекеттік баж                                                                                                                                                          | 136 061    |
| 2 |    | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                   | 119 701    |
|   | 01 | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                                                                                                                                   | 119 701    |
|   | 5  | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер                                                                                                             | 119 701    |
| 3 |    | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                                                                                                                               | 133 856    |
|   | 01 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату                                                                                                              | 171        |
|   | 1  | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату                                                                                                              | 171        |
|   | 03 | Жерді және материалдық емес активтерді сату                                                                                                                              | 133 685    |
|   | 1  | Жерді сату                                                                                                                                                               | 133 685    |
| 4 |    | Трансферттердің түсімдері                                                                                                                                                | 10 753 759 |
|   | 01 | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер                                                                                                               | 1 689 499  |
|   | 3  | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, аулдық округтардың бюджеттерінен трансферттер                                                                    | 1 689 499  |
|   | 02 | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                                                                                   | 9 064 260  |
|   | 2  | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер                                                                                                                                  | 9 064 260  |
|   |    | Ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                           | 5 195 079  |
|   |    | Нысаналы даму трансферттері                                                                                                                                              | 3 869 181  |

| Функционалдық топ |                       |       |                                                                                           | Сомасы<br>(мың<br>теңге) |
|-------------------|-----------------------|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|
| Кіші функция      |                       |       |                                                                                           |                          |
|                   | Бағдарлама әкімшілігі |       |                                                                                           |                          |
|                   | Бағдарлама            |       |                                                                                           |                          |
|                   |                       | Атауы |                                                                                           |                          |
|                   |                       |       | II. Шығындар                                                                              | 25 345<br>184            |
| 01                |                       |       | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                     | 905 437                  |
|                   | 1                     |       | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 841 770                  |
|                   |                       | 112   | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты                                    | 18 178                   |
|                   |                       | 001   | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 17 578                   |
|                   |                       | 003   | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                    | 600                      |
|                   |                       | 122   | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                        | 823 592                  |
|                   |                       |       |                                                                                           |                          |

|    |     |     |                                                                                                                                                                                          |            |
|----|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
|    |     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                    | 122 625    |
|    |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                   | 204 300    |
|    |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                         | 496 667    |
| 2  |     |     | Қаржылық қызмет                                                                                                                                                                          | 26 452     |
|    | 452 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі                                                                                                                                      | 26 452     |
|    |     | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                | 16 286     |
|    |     | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу                                                                                                                                          | 4 078      |
|    |     | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу                                                                      | 5 938      |
|    |     | 018 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                   | 150        |
| 5  |     |     | Жоспарлау және статистикалық қызмет                                                                                                                                                      | 37 215     |
|    | 453 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі                                                                                                         | 37 215     |
|    |     | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                            | 22 065     |
|    |     | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                   | 15 150     |
| 02 |     |     | Қорғаныс                                                                                                                                                                                 | 55 472     |
|    | 1   |     | Әскери мұқтаждар                                                                                                                                                                         | 3 596      |
|    | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                       | 3 596      |
|    |     | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар                                                                                                                            | 3 596      |
|    | 2   |     | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру                                                                                                                                       | 51 876     |
|    | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                       | 51 876     |
|    |     | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою                                                                                              | 48 825     |
|    |     | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 3051       |
| 03 |     |     | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі                                                                                                                    | 103 777    |
|    | 1   |     | Құқық қорғау қызметі                                                                                                                                                                     | 70 544     |
|    | 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                                    | 70 544     |
|    |     | 066 | Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік объектілерін салу                                                                                                                                        | 70 544     |
|    | 9   |     | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер                                                                                                                          | 33 233     |
|    | 485 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                                  | 33 233     |
|    |     | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету                                                                                                                               | 33 233     |
| 04 |     |     | Білім беру                                                                                                                                                                               | 18 922 222 |
|    | 1   |     | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту                                                                                                                                                       | 1 803 977  |
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                      | 1 803 977  |
|    |     |     |                                                                                                                                                                                          |            |

|    |     |     |                                                                                                                                                                                                     |            |
|----|-----|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
|    |     | 024 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 431 679    |
|    |     | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                                                                                                              | 1 372 298  |
| 2  |     |     | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру                                                                                                                                                   | 15 124 323 |
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                 | 12 539 459 |
|    |     | 003 | Жалпы білім беру                                                                                                                                                                                    | 12 526 895 |
|    |     | 006 | Балаларға қосымша білім беру                                                                                                                                                                        | 12 564     |
|    | 465 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                             | 200 657    |
|    |     | 017 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру                                                                                                                                        | 200 657    |
|    | 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                                               | 2 384 207  |
|    |     | 024 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау                                                                                                           | 2 384 207  |
| 4  |     |     | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру                                                                                                                                          | 14 533     |
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                 | 14 533     |
|    |     | 018 | Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру                                                                                                                                                                        | 14 533     |
| 9  |     |     | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер                                                                                                                                                            | 1 979 389  |
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                 | 1 979 389  |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                      | 17 438     |
|    |     | 004 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру                                                                                       | 13 800     |
|    |     | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу                                                        | 595 472    |
|    |     | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу                                                                                                           | 1 251      |
|    |     | 012 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                              | 150        |
|    |     | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі                              | 69 000     |
|    |     | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер                | 3 426      |
|    |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                                                                                     | 1 167 516  |
|    |     | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер                                                                                                                                    | 111 336    |
| 06 |     |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                      | 909 237    |
| 1  |     |     | Әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                            | 111 627    |
|    |     |     |                                                                                                                                                                                                     |            |

|    |     |                                                                                                                                                                                                                                                               |           |
|----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|    | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 98 514    |
|    | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                                                           | 98 340    |
|    | 057 | Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету                                                                                                                             | 174       |
|    | 464 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                                                           | 13 113    |
|    | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу                                                                                                                                                                                                | 3 388     |
|    | 031 | Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау                                                                                                           | 9 725     |
| 2  |     | Әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                                                                              | 751 759   |
|    | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 751 759   |
|    | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы                                                                                                                                                                                                                                   | 253 195   |
|    | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету                                           | 54 553    |
|    | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету                                                                                                                                                                                                                                     | 215       |
|    | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек                                                                                                                                                       | 136 801   |
|    | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                     | 6 060     |
|    | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету                                                                                                                                                                                                              | 68 221    |
|    | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 187 661   |
|    | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                         | 45 053    |
| 9  |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер                                                                                                                                                                               | 45 851    |
|    | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 45 851    |
|    | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                        | 33 300    |
|    | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу                                                                                                                                                   | 5 156     |
|    | 021 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                                                        | 150       |
|    | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту                                                                                                                                                             | 7 245     |
| 07 |     | Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                                                                                                            | 2 871 795 |
| 1  |     | Тұрғын үй шаруашылығы                                                                                                                                                                                                                                         | 1 759 541 |
|    | 463 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі                                                                                                                                                                                                 | 103 589   |
|    | 016 | Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу                                                                                                                                                                                                                     | 103 589   |
|    | 467 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                                                                                                         | 1 620 130 |

|    |     |     |                                                                                                                                                         |         |
|----|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
|    |     | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау                                                                  | 906 882 |
|    |     | 004 | Инженерлік- коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру                                                                     | 713 248 |
|    | 487 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі                                             | 35 822  |
|    |     | 001 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер                    | 35 672  |
|    |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                  | 150     |
| 2  |     |     | Коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                  | 560 421 |
|    | 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                   | 101 451 |
|    |     | 005 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту                                                                                                                         | 101 451 |
